

2023- 2024 оқу жылы бойынша 3-сыныптың тәрбие жұмысын талдау.

Өткен оқу жылында класта жүргізілген тәрбие жұмысын талдау схемасы

1. Жыл басында тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеті қойылды. Мақсатқа сәйкес оқушы міндеттері алынып тәрбиенің 8 бағыты бойынша жұмыс жүргізілді. 8 бағыт бойынша жұмыстар жыл бойы жүргізіліп отырды. Тәрбие жұмыстары оқушының жас ерекшеліктеріне сай алынды. Тәрбие жұмысы бойынша көзделген мақсатқа жете білдік.

2. Класс ұжымы дамуының талдауы:

Кластағы оқушылар ұжым ішінде ұйымшыл, әр оқушының қабілеті әр түрлі, берілген жұмыстарды өздерінің қабілеттеріне қарай орындап отырады. Кластың дәстүрлі мерекелері, күнтізбелік мерекелер, сыныптан тыс шараларға, мектептен тыс үйірмелерге қатысып, танымдық қабілеттерін ұштап отырады. Оқушыларды класс өміріне тарту мақсатында сынып белсенділері сайланып, өз жұмыстары жөнінде түсініктер берілді. Ішкі істер секторы: Жұмақызы Жанел. Спорт және денсаулық секторы: Есім Сержан. Мәдениет және бос уақытты ұйымдастыру секторы: Избасар Айдар, Егізбай Нұрәділ. Тазалық секторы: Бердалы Нәзира, Жолдығали Рахман Қамқорлық секторы: Нұрашов Мейірхан, Қанатбаева Әмина. Тәртіп секторы: Желен Сабыржан, Боранбай Нұрсұлу сайланды. Сыныпта бірін- бірі тыңдап, сыйлайды. Сыныпта байқалған келеңсіз жайттар уақытылы талданып отырады.

3. Оқушылардың класс және мектеп өміріне қатысуына талдау:

оқушылардың мектептегі үйірме, секция, клуб, шығармашылық бірлестіктер жұмысына қатысуы;

- Сыныпта үйірмелерге қатысатын оқушылар бар. Мектеп жанынан ашылған «**Жас Математик**» үйірмесіне Нұрдәулетқызы Гауһар, Боранбай Нұрсұлу, Талғатұлы Саят, Дауылтаева Айжүрек, Жолдығали Рахмет, Темірханова Ақмаржан, Есім Сержан, Табыс Жандаулет белсене қатысып үйірме уақытынан кешікпей және бос жібермей үздіксіз қатысып отырады. «**Еркін күрес**» үйірмесіне Жандосұлы Жеңісбек, Избасар Айдар, Есім Сержан, Ерболат Әли, Егізбай Нұрәділ үйірмеден қалмай үздіксіз қатысады.

4. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын талдау:

оқушылардың кластағы және мектептегі өзін-өзі басқару ұйымына қатысуы және олардың ұйымдастырушылық деңгейіне келетін болсақ тәрбие жұмыстарында өздері басқарып орындай алады.

5. Класс оқушыларының дамуының талдауы:

Класс оқушыларының әлеуметтік паспорты жасалынды. Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің диагностикасы Н.Капустин әдісі бойынша оқушылардың тәрбиелік деңгейі жақсы деңгейде. Оқушылардың сабақ үлегіріміне келетін болсақ. 2023-2024 оқу жылы бойынша 3 сыныпта 21 оқушы мен бастап, ешқандай қозғалыссыз осы 21 оқушымен аяқтады. Сыныпта 13 ұл, 8 қыз бала. Сыныпта озат оқушы 6-ау, оның 2-еуі қыз бала. Екпінді саны 7, 3-еуі қыз бала. Сыныпта 6 озат оқушы бар. Оқу екпіндісі – 6 оқушы, орташа оқитындар -9 оқушы. Сыныптың білім сапасы 57,14. Оқушылар сабақтан себепсіз қалмайды.

Сыныптың тәрбие ахуалы жақсы. Жыл басынан бері ешқандай құқық бұзушылық болмады. Құқық бұзушылық бойынша тәрбие шаралары жүргізіліп, оқушылар қатыстырылды. Жалпы жыл басынан бері «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ», «Біз бақытты баламыз», «Ізгілік адамгершіліктің белгісі» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Жалпы оқушыларға құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы ақпараттар беріліп отырды. Сыныпта құқық бұзушылыққа бейім оқушы жоқ.

6. Кластағы тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы мен жүргізілуінің пәрменділігі талдауы:

Тәрбие жұмысының жоспарына келетін болсақ 3 бағытпен жасалып бекітілді. Ар – ұят, Талап, Ұлттық мүдде.

Қыркүйек айында: «Мектеп – мейірім мекені» біріңғай сынып сағаты, «Ахмет Байтұрсынов – тіл адамы» сынып сағаты, Ізгілік адамгершіліктің белгісі, «Адалдық адамдықтың белгісі, «Жол қауіпсіздігін сақтаймыз» **«Балалардың жолда жүру ережелері»** сынып сағаты өткізілді.

Қазан айында:

«Ұстаз жолы ұлылық..» ашық сынып сағаты Қай жерлерден жолдан өтуге болмайды?
Атадан өсиет, анадан қасиет
«Қарттарым асыл қазынам» сынып сағаты
«Менің Республикам – Қазақстан» ашық сынып сағаты

Қараша айында:

«Әкеге ізет, анаға - құрмет»
Зорлық зомбылықсыз балалық шақ
«Оян ар мен адалдық»
Жақсылық адамгершілікке бастайды

Желтоқсан айында:

Әлемнің жаршысы еңбек
«Жол ережелері»
Жол жүру белгілері мен таңбалары
Тәуелсіздікке тағзым

Қаңтар айында:

Мектептегі мінез-құлық ережелері
Тазалық денсаулық кепілі
Қазақтың ұлттық тағамдары
Этикалық құндылықтарды дамыту

Ақпан айында:

Су тіршілік көзі
М.Әуезов туралы не білемін?
Өнерлінің өрісі кең
Қазақтың ұлттық ойындары

Наурыз айында:

Алғысым шексіз,,,
Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек
Бәрі де Ана, бір өзіңнен басталады
«Наурыз - жыл басы»

Сәуір айында:

Ұлттық киім – ұрпаққа мұра
Отбасы – тәрбие бастауы
Сөйлеу мәдениеті – ел мәдениеті
Өрле Қазақстан
Сен – велосипедші
Тиімді әрі пайдалы тамақтану



Нравится: 4
amangeldi_orta_mektebi2021 Амангелді орта мектебінің 3 сыныбында "Бала және бағдаршам" тақырыбында балаларға бағдаршам туралы түсінік беру, жолда жүру ережелерін меңгерту мақсатында сынып сағаты өтті. Сынып жетекшісі: Тлеуғалиева С.



Нравится: 4
amangeldi_orta_mektebi2021 Амангелді орта мектебінің 3 сыныбында "Бала және бағдаршам" тақырыбында балаларға бағдаршам туралы түсінік беру, жолда жүру ережелерін меңгерту мақсатында сынып сағаты өтті. Сынып жетекшісі: Тлеуғалиева С.

Мамыр айында:

Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді.
Жеңіс деген шат күлкісі баланың
Ұлттар достығы
Қорытынды сабақ

24 мамыр күні, «Білімім Отаныма» атты тәрбие сағаты өтті. Оқушыларға жаз айындағы жол, су, қаіпсіздігі ережелері ескертілдігі. Тәрбие сағаты соңында үздік оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.



Сомен қатар аудандық қатынас қағазы негізінде тәрбиелік шаралар өткізілді. Жылдың соңында 31 мамыр күні, GUIDEBOOK «СЕНІҢ ҚУАНЫШҚА ТОЛЫ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫҢ» балалардың жазғы тиімді өткізу, қауіпсіз ережелері туралы кітаппен таныстырылып, оқушыларға үлестірілді.



27-31 мамыр аралығында Жазғы мектеп ұйымдастырылды. Оқушылар сабақтан қалмай уақытылы келіп отырды. Қызықты ойындар ұйымдастырылды.



Көңілді үзіліс:

- Қоңырау уақытында оқушылардың уақытын тиімді пайдалану мақсатында, 15 минуттық үзілісте ккңілді ойындар ойнатылды.
- «Бір мақал – бір бауырса», «Түстерді тез ажыратамыз»
- «Кім жылдам?», «Шеңбер», «Капитан»
- Асық ату т.б



Сәуір айында «Менің құпия досым» ұйымдастырылды. Оқушылар өте белсенді қатысты. Достарына өлең шығарып, жұмбақ арқылы достарын жасырып, өте қызықты өтті.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «Бір құсқа - бір ұя» тақырыбында Қанатбаева Әмина, Бердалы Нәзира, Избасар Айдар, Табыс Жандаулет Есім Сержан Ерболат Әлия ұя жасап әкелді.



7. Оқушылармен жеке жүргізілген тәрбие жұмысының нәтижесінің талдауы:

дарынды балалармен атқарған жұмыстар нәтижесіне тоқталатын болсақ дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспары бекітілді. Мектепішілік, аудандық, облыстық жарыстарға қатысып отырды. Жұлделі орындарға ие болған оқушыларымыз бар. Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша сабақтар өткізілді. Қосымша сабақтар кестесі бекітілді. Әр жеті сайын тест тапсырмасы алынып отырды.

«Кенгуру – математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын –конкурсы

30.09.2023 жыл

Сәлімгерей Қ – II дәрежелі

Боранбай Н – I дәрежелі

Жұмақызы Ж – I дәрежелі

Желен С–I дәрежелі

Қанатбаева А –II дәрежелі диплом

«Мейрім әлемді құтқарады» Аудандық сурет байқауы. қазан 2023ж Избасар Айдар – 3 орын

«Пони» III дәрежелі диплом

1.Ерболат Ә 2.Айбекова А 3.Нұрашов М 4.Желен С 5.Избасар А 6. Егізбай Н 7.Қанатбаева Ә

8.Жолдығали Р 9.Есім С 10.Боранбай Н 11.Дауылтаева А

Облыстық эссе байқауы.

23.02.2024 ж Жұмақызы Жанел

II кезеңге өтті

KidsStart облыстық пәндік олимпиада

I дәрежелі диплом

Желен С

Жұмақызы Ж

Нұрашов М

Избасар А

Бердалы Н

Жалпы білім беретін пәндер бойынша II Республикалық «Sarsan» олимпиадасының аудандық кезеңі I дәрежелі дипломмен марапатталып, облыстық кезеңге қатысып 3-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Нұрашов М – 3 сынып,

Бердалы Н - 3 сынып ,

Жолдығали Р – 3 сынып,

Ерболат Ә – 3 сынып,

Жұмақызы Ж – 3 сынып,

Желен С – 3 сынып

8. Педагогикалық ұжыммен өзара байланыс талдауы:

пән мұғалімдерімен, бірлестіктер жетекшілерімен байланысы, оқушылардың сабақ үлгерімі, қосымша сабақтарға қатысуы жөнінде қарым – қатынас жасалынды.

9. Отбасымен педагогикалық байланыс :

Ата –аналардың тәрбие жұмысына келетін болсақ, Ата –аналармен жұмыс жоспары жасалынды.

Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы бағдарламасы» аясында бастауыш сынып ата – аналарына **«Әрбір бала жарық жұлдыз»** тақырыбында сабақ өтті. Мақсаты: Ата – аналардың темпераментін, мәдени дәстүрлерді және мұғалімдермен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, өз баласының ерекше қылықтарын ашуға дайындығын қалыптастыру. Әр тоқсан аяғында ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды.



Нравится: 33
amangeldi_orta_mektebi2021
Мектебімізде бастауыш сынып бірлестігінің жоспарына сәйкес "Әлем сүйген Математика" атты апталық барысында "Математика біздің Жанұяда" атты отбасылық сайыс өткізілді. Сайысқа бастауыш сынып оқушылары мен ата аналар қатысты. Барлық түрлі кезеңдерде математикалық есептер мен логикалық сұрақтардың шешуін қызыға оқыды!

Бастауыш сынып бірлестігінің жоспарына сәйкес математика апталығында **«Математика біздің Жанұяда»** атты отбасылық сайыс өткізілді. Ата – аналарымыз белсенді қатысты 8,14 наурызда ата – аналармен өткізілетін іс шараларға ата – аналарымыз белсенді қатысты.

Сонымен қатар, мектеп тәлімгері **мектепшілік өткізілген жарыстарға 3-сыныптың Әкелері де қалыспай аталысты.**



10. Қорытынды:

класс ұжымының өткен жылғы басты жетістіктері; оқушыларды тәрбиелеу ісіндегі тәрбиелік шаралар сәтті өтті. Өткізілген шаралар папкаға жинақталып отырды. Тәрбие жұмысында орын алған келеңсіздіктер мен сәтсіздіктер болмады.

Келесі оқу жылында тәрбие жұмысында жаңа жұмыс формалары мен әдістерді қорлдана аламыз деп айта аламын.

сынып жетекшісі:

С.Тлеуғалиева